**"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және азаматтық мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 222-ө өкімі

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және азаматтық мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Ыбыраев Бейбіт Жұмағұлұлы | - Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік-құқықтық басқармасының құқық қорғау қызметі бөлімі азаматтық және кешірім жасау секторының меңгерушісі (келісім бойынша), жетекші |
| Дәуренбек Ырысқали Рақымұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті директорының орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Сергеев Алексей Петрович | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті бастығының орынбасары |
| Құлмағамбетов Қайрат Амангелдіұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық құқық департаменті мемлекеттік шекара және халықаралық құқық мәселелері басқармасының бастығы, хатшы |
| Мелдешев Бақыт Сәрсенбайұлы | - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі (келісім бойынша) |
| Әшімхан Ғани Әшімханұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заңнама департаментінің бас маманы |
| Ержанов Қанат Қаскенұлы | - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің босқындармен, халықаралық келісімдермен |

және сараптама жұмыстары жөніндегі бөлімнің жетекші маманы

Мазов Ернат Асқарқожаұлы - "Қазақстан Республикасының Заң институты" жабық акционерлік қоғамының директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2004 жылғы 30 тамызға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және азаматтық мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жасасын.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК